

КОЛЛЕДЖ ЖАЙЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Қоғамымызда жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге сәйкес жастардың мамандық таңдаудағы ұстанымдарына байланысты 2001 жылы «Болашақ» университеті жанынан «Экономика және сервис» колледжі құрылып, талапкерлерге есігін ашты. 2006 жылы қыркүйек айынан бастап оқу орнының атауы «Болашақ» университетінің колледжі болып өзгертілді. 2010 жылдың 10 қаңтарынан бастап «Болашақ» университеті колледжі» мекемесі толық ресми атауын иеленді.

Колледж Қызылорда облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің 18 наурыз 2013 жылы білім беру қызметімен айналысуға шектеусіз мерзімге берілген №13012305 мемлекеттік лицензиясы негізінде жұмыс істейді.

2013 жылы мамыр айында «Болашақ» колледжі Мемлекеттік аттестаттаудан өткен.

Колледж сапалы кәсіби білім беру қызметін қамтамасыз етуді, оқу процесінде ақпараттық және технологияларды енгізуді, ғылым мен практиканы интеграциялауды, оқу процесін жетілдіруді, студенттердің шығармашылық икемділіктерін қалыптастыруды өзінің аса маңызды міндеттері деп санайды.

Колледж бүгінгі таңда 32 мамандық, 34 біліктілік бойынша педагогикалық, техникалық, экономикалық және қызмет көрсету салаларына білікті мамандар даярлайды. Колледжде күндізгі және сырттай бөлімінде мыңнан астам студенттер білім алуда.

Колледж базасында:

66 оқу кабинеті,

4 зертхана,

3 оқу шеберханасы,

7 компьютер сыныбы,

2 лингафон кабинеті,

әдістемелік кабинет,

жастар ісі жөніндегі кабинет,

87000-нан астам қоры бар кітапхана,

250 орындық оқу залы,

280 орындық асхана,

медициналық қызмет көрсету орны,

400 орындық Студенттер үйі,

спорт кешені,

әскери-спорттық алаң,

хореография залы,

2 мәжіліс залы,

600 орындық Студенттер сарайы бар